КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

28 қараша 2024 жыл № 1912-24-00-2/2230 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Ж.Омарбеков,
хатшылыққа Б.Қ.Қыдырқожановаңы ала отырып,
ашық сот отырысында электронды форматта азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«BNG» ЖК, жеке кәсіпкер Бердібек Нұрбек Ғанибекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Рахметов С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

12 тамыз 2024 жылы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК (бұдан әрі - талап қоюшы) және «BNG» ЖК (бұдан әрі - жауапкер) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №896 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасасты (бұдан әрі - Шарт).

Шарт талаптары бойынша жауапкер келісім-шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, жалпы сомасы 10 245 теңге болатын сәндік, мақталы қағаз матадан жасалған, жүнді білікше жеткізу бойынша міндеттеме алған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

13 тамыз 2024 жылы жауапкер 307,35 теңге көлемінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету бойынша үлес қосты.

Жауапкер тауарды жеткізу бойынша міндеттемесін уақытылы, яғни 27 тамыз 2024 жылы дейін орындамады, тауар жеткізілмеді.

Осы себепті, талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабымен жүгінді.

Жауапкерден сотқа талап арызға пікір келтірмеді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі С.Рахметов талап қоюды қолдай отырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануын сұрады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 196-бабын негізге ала отырып, іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-бөлігінің 3-тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің заңнаманы бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күнтізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшымен сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап арыз 27 тамыз 2024 жылы берілді.

Заңның 11-бабының 4-тармағындағы 4) тармақшасында - мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 49-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Сот отырысында жауапкер өзіне алған міндеттемені орындамағаны, сол себепті мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт орындамалғаны дәлелденді.

Жауапкердің тапсырысты орындамаған туралы уәждерін сот қабылдай алмайды, себебі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 10, 359-баптарына сай, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған іс-әрекеттер кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 07.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.03.2025, судья Омарбеков Н. Д., 04.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Сот, аталған негіздерге сүйене отырып, жауапкер өз міндетемесін орындамады деп, талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 117-бабының 1-тармақшасының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге көлемінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ

Сот, Қазақстан Республикасы АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «BNG» ЖК, жеке кәсіпкер Нұрбек Ғанибекұлы Бердібекке қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«BNG» ЖК, жеке кәсіпкер Нұрбек Ғанибекұлы Бердібек, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«BNG» ЖК, жеке кәсіпкер Нұрбек Ғанибекұлы Бердібектен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда шешім түпкілікті нысанда дайын болған күннен бастап бір ай мерзім ішінде, Қазақстан Республикасы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым немесе прокурормен апелляциялық өтініш келтіруге болады.

Судья **Н.Ж.Омарбеков**

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 07.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.03.2025, судья Омарбеков Н. Д., 04.03.2025